Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 20 шілде 3115-23-00-2/1321 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәспкер «Мерей» Тательбекова Мерей Аскаровна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мерей» Тательбекова Мерей Аскаровнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәспкер «Мерей» Тательбекова Мерей Аскаровна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәспкер «Мерей» Тательбекова Мерей Аскаровнадан мемлекет пайдасына 1800 (бір мың сегіз жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәспкер «Мерей» Тательбекова Мерей Аскаровнадан мемлекет пайдасына 1779 (бір мың жеті жүз жетпіс тоғыз) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 20.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.08.2023, судья Ясарова Р. К., 29.08.2023

3115-23-3-1/1609